

«БЕКІТЕМІН»

ШЖК «М.8 Калалық жемхана» МҚК-нің
басшылары С.Т. Альменов

С.Т. Альменов

» 2023 жыл



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

Шымкент, 2023 жыл

Мазмұны:

- 1. Жалпы ережелер**
- 2. Терминдер мен анықтамалар**
- 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер**
- 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**
- 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық**
- 6. Алдын алу шаралары және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**
- 7. Мұдделер қақтығысын болғызбау және реттеу тәртібі**
- 8. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер жасау туралы хабарлама**
- 9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексерулер**
- 10. Жауапкершілік**
- 12. Қорытынды ережелер**

1. Жалпы ережелер

1.1. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі-Саясат) Қазақстан Республикасының Сыбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес («Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КР Заңы, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлар жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы») өзірленді және сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын белгілейді.

Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың осы саясаты сыбайлар жемқорлық сипатындағы ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлар жемқорлықты қабылдамау ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

1.2. Бұл саясат мыналарды белгілейді:

- 1) Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;
- 2) Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
- 3) Сыбайлар жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;
- 4) Осы Саясатты сақтау үшін жауапкершілік.

1.3. Осы саясаттың негізгі мақсаты сыбайлар жемқорлықтан бас тартатын және өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен Сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

Қызметкерле - еңбек қатынастарында тұратын кез келген жеке тұлға.

Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - лауазымды адамдардың өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі:

- сыбайлар жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлар жемқорлық сипатындағы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою (сыбайлар жемқорлықтың алдын алу) бойынша;
- сыбайлар жемқорлық сипатындағы әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың зардалтарын жою (сыбайлар жемқорлыққа қарсы күрес) бойынша.

Сыбайлар жемқорлыққа қарсы саясат - сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

Сыбайлар жемқорлыққа қарсы стандарттар – мекеменің қызметі үшін белгіленген, сыбайлар жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау - сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;

Мұдделер қақтығысы - лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындаудына әкел соғуы мүмкін;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - жүйені, алдын алу шараларын әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер

3.1. Саясат келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;
- қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;
- лауазымды адамдар мен қызметкердің, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту;
- осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарын барынша азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;
- ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;
- жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

3.2. Ереже атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс мерзіміне қарамастан қолданылатын жалпыға міндетті нормалар мен қағидаларды қамтиды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

4.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік**
- қызметті жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидаты. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты лауазымды адамдар және олар үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;
- басшылықтың бейілділігі** - басшылық сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерге ымырасыз қатынасы туралы мәлімдеуге, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуге, сақтауға

және іске асыруға тиіс;

- **қызметкерлерді тарту** - лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етіледі және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

- **жазаның бұлтартпастығы** - атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

- **заңдылық** - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

- **тиісті сақтық** - іскерлік/енбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мұдделер қақтығысының болмауы тұргысынан тексеруді жүзеге асырады;

- **өзара іс** - **қимыл және үйлестіру** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық

5.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті мемлекеттік органдармен, әріптестермен, тұтынушылармен келесі мақсаттарда ынтымақтасады:

- сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы акпарат беру;
- сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу жүргізу кезінде жәрдемдесу;
- сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауга қатысы бар адамдарды, олардың орналасқан жерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасы және оларға қарсы құрес жөніндегі қызметті үйлестіру;
- сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде алынған мүлікті немесе оны жасау құралы ретінде қызметшіні анықтау.

6. Алдын алу шаралары және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

6.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін қызметтің бағыттары.

- 1) сыйлықтар және Өкілдік шығындар;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту;
- 3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға

теңестірілген адамдарға төлемдер;

4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

5) активтерді сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер жасау;

6) персоналды басқару;

7) ішкі құжаттардың қаржылық және Заң сараптамасы.

6.2. Сыйлықтар және Өкілдік шығындар.

6.2.1. Искерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлыштық арналған шығыстарды жүзеге асыруды бизнесі жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп танымайды.

Искерлік қарым-қатынастардағы адалдық пен ашықтық атмосферасын сыйлықтарсыз және іскерлік қонақжайлыштықсыз қолдайды.

6.2.2. Қызметкерлерге, сыйлықтар болған жағдайда кез келген сыйлықтар/іскерлік қонақжайлыш белгілері/өкілдік шығыстарын ұсынуға, уәде беруге, сыйға тартуға, ұсынуға, талап етуге, сұрау, қабылдау осындай іс-әрекеттер тыйым салынады:

- қызметті сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға немесе қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдер қабылдауға іріктел әсер етудің тікелей немесе жанама мақсаты бар, егер осы іс-әрекеттерсіз қолайлыш салдардың басталуы аз шынайы болып көрінсе;

- ұйымның атынан емес, қызметкердің атынан беріледі;

- сыйлықтар немесе Өкілдік шығындар, немесе қонақжайлыштық туралы ақпаратты ашқан жағдайда ұйым мен оның қызметкерлері үшін бедел немесе өзге де тәуекел тудырады;

- қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылады немесе ақша қаражатының және/немесе сән-салтанат заттарының өзге де түрлері немесе баламалары болып табылады;

6.2.3. Жүзеге асырылатын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлыш белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Искерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұлға немесе қоғам қызметкери сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүзеге асыратын тікелей басшымен немесе қоғамның қауіпсіздік бөлімшесінің басшысымен кеңесу керек.

6.3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту.

6.3.1. КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе қоғам үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін туғызатын әріптестермен үшінші тұлғаларды тартудан және бірлескен кәсіпорындарға қатысадан тартынады.

6.3.2. Ушінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылданар алдында үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болатын тиісті құрылымдық бөлімшелері келесі шараларды қабылдауға тиіс:

- ұйым қызметінің бағыттарын регламенттейтін ішкі нормативтік

құжаттарда белгілентген рәсімдерді қатаң сақтау;

- мынадай рәсімдерді жүргізу арқылы қызметте сыйбайлар жемқорлықтың ықтимал көріністері туралы бірлескен жобалар бойынша серіктестер туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты жинауды жүзеге асыру:

а) өзінің Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуы туралы мәліметтер алу, әріп тестің сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайындығы;

б) іскерлік беделді және мұдделер қақтығысының болмауын тексеру;

в) жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің болуы түрғысынан мәліметтер, сондай-ақ шешім қабылдау үшін қажетті басқа да мәліметтер алу.

6.3.3. Ушінші тұлғалармен және бірлескен жобалар бойынша серіктестермен олардың тарапынан сыйбайлар жемқорлық көріністері анықталған жағдайда мәмілелерді бұзы құқығын өзіне қалдырады.

6.3.4. Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді хабардар ету.

6.3.5. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдердің бірлескен жобалары, сондай-ақ мінез-құлық стандарттары бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестердің қабылдауын құптайды.

6.4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер.

6.4.1. Коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар, олардың жақын туыстары үшін кез келген шығыстарды, оның ішінде көлікке, тұруға, тамақтануға, жүріп-тұруға арналған шығыстарды төлеуді дербес немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырмайды.

6.4.2. Лауазымды адамдар мен қызметкерлері мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-кимыл кезінде сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

6.5. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.

6.5.1. Мемлекет, ұйымдар өкілдерінің немесе өзге де адамдардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай көмек объективті түрде осындан ықпал ету әрекеті ретінде қабылданса, тікелей немесе жанама мақсатта қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге шығыстар туралы ақпарат ашық болуға тиіс.

6.5.2. Лауазымды адамдар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

6.6. Инвестициялық қызмет шенберінде мәмілелер жасау, активтерді және өзге де мәмілелерді сатып алу және иеліктен шығару.

6.6.1. Активтерді сатып алу және иеліктен шығару бойынша мәмілелерді

жоспарлау, осы мәмілелердің орындылығы туралы алдын ала шешім қабылдау кезінде кешенді тексеру, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің болу белгілерін анықтау мақсатында сенімділікті тексеру жүргізеді. Осы тексерудің нәтижелерін басшылық болжамды мәмілені жүзеге асыру туралы түпкілікті шешім қабылдаған кезде қарайды.

6.6.2. Егер тексеру нәтижелері бойынша мәміле аяқталғаннан кейін сатып алынатын сыйбайлас жемқорлық тәуекелі және онымен ұштасқан өлеуетті экономикалық және беделдік залал мәміледен экономикалық пайдадан асып түсken жағдайда, мұндай мәмілені жасау туралы шешімді басшылық қабылдайды.

6.7. Персоналды басқару.

6.7.1. Кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттары ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында:

- белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын әзірленеді және бекітіледі;
- еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында олардың сенімділігі және мүдделер қақтығысының болмауы түрғысынан жұмысқа орналасуға кандидаттарды тексеру жүзеге асырылады;
- өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеу жүргізіледі;
- қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары түрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылданады;
- КР заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімі жүзеге асырылады.

6.7.2. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер лауазымға тағайындау немесе еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім нысаны бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

6.7.3. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, өкілеттіктерді тоқтату үшін негіз болып табылады.

6.8. Ішкі құжаттардың қаржылық және Заң сараптамасы.

Ішкі нормативтік құжаттарының, оның ішінде оларда сыйбайлас жемқорлық көріністері үшін себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің болуы мәніне бекітуге шығарылатын ішкі нормативтік құжаттар жобаларының қаржылық және Заң сараптамасы және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

7. Мүдделер қақтығысын болғызыбау және реттеу тәртібі

7.1. Лауазымды адамдар мен қызметкерлер:

- мұдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің іске асырылуын болдырмау және оларды реттеу бойынша шаралар қабылдау.
- өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде үйім мұдделерін басшылыққа алу және олардың жеке мұдделері қоғам мұдделеріне қайши келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болу. Мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда (немесе оның пайда болу мүмкіндіктері) осы ақпаратты тікелей басшысына не жоғары тұрған басшылығына жазбаша нысанда жеткізу.

7.2. Мұдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу мұдделер қақтығысы тарапы болып табылатын қызметкерлердің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгертуден, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуден және (немесе) мұдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартудан тұруы мүмкін.

8. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер жасау туралы хабарлама

8.1. Егер лауазымды адам немесе қызметкер жасайтын сыбайлас жемқорлық әрекеті орын алғаны туралы қандай да бір күзілк болса, бұл туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын бөлімшесіне не өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына дереу хабарлау керек.

8.2. Қызметкерлер өзге қызметкер, сондай-ақ үшінші тұлға сыбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауға итермелуе фактілері туындаған жағдайда және/немесе қызметкерді сыбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпараты бар болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүзеге асыратын бөлімшесін дереу хабардар етуге міндетті.

9. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды қызметтік тергеп тексеру.

9.1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексеру не қызметтік тергеу жүргізіледі.

9.2. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мулдем төзбеушілік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

10. Жауапкершілік.

10.1. Қызметкерлер осы Саясат талаптарының мұлтіксіз орындалуына жауапты болады.

10.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған лауазымды адамдары мен қызметкерлері, занды күшіне енген ҚР соты шешімінсіз, келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

10.3. Саясат талаптарының бұзылуы қызметкердің мәртебесімен үйлеспейтін іс-әрекет ретінде қарастырылуы және тәртіптік жаза қолдану үшін

негіз болуы мүмкін.

10.4. Саясат талаптарын бұзы Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

10.5. Қызметкерлер осы Саясатқа З-қосымшада көзделген нысан бойынша өзінің осы саясатты адал орындау міндеттемесін растауға міндетті.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы саясатты қолданысқа енгізу мерзімі басшылық бекіткен күн болып есептелсін.

11.2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ ИНК-на өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертулуге жатады. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды басшылық бекітеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 10-бабының 2-тармағына, қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қызметкерлердің белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, құқықтық сауаттылықты арттыруға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қолдану және орындау:

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және функцияларды жүзеге асыру кезінде қолданылады;
- барлық қызметкерлердің орындауды үшін міндетті;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың тиісінше орындалмағаны үшін қызметкерлер дербес жауапты болады.

Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мінез-құлқы қағидалары.

1. Лауазымды адамдар мен қызметкерлер өз қызметінде:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін ашуға белсенді қатысу және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауға дербес жауапты болу;

- адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

- өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану;

- әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

- заңнамаға сәйкес келмейтін және қоғам мұдделеріне қайшы келетін табыс табумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдемдесуге бағытталған іс - әрекеттер жасаудан тартыну;
- жеке және занды тұлғалардың өз құқықтары мен занды мұдделерін іске асыруын қыыннататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;
- басқа адамдарды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу;
- өз функциялары мен лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін занды және жеке тұлғалардан ақшалай қаражатты, көрсетілетін қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қоса алғанда, сыйақы қабылдамауға;
- мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;
- жеке және занды тұлғаларға берілуі «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» занды көзделген ақпаратты беруден бас тартпау;
 - шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
 - лауазымды жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократизм көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеу;
 - қоғамның құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген адамдардың арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
 - лауазымды жағдайды жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде үйымдардың, қоғам қызметкерлерінің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін пайдаланбау және т. б.;

Зандылық қағидасын басшылыққа алу, КР Конституциясының, Қазақстан Республикасының зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау.

2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өзінің лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыру;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
- белгілі болған сыйбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелемеу немесе әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа деруе баяндау;
- әріптерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу және мұліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;
- қызметтік міндеттерді орындау кезінде мұдделер қақтығысының, жеке бас мұддесінің туындағаны туралы, Сыйбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей немесе тікелей басшыға баяндау;
- жеке және занды тұлғаларға артықшылық көрсетпеу, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болу;
- орындау үшін алынған тапсырманың зандылығына күдік туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда деруе хабарлау;
- жасалған немесе жасалып жатқан сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттер туралы басшылыққа деруе баяндау;

- бағынышты қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты және нақты анықтау;
- мұдделер қақтығысына жол бермеу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;
- егер тікелей басшының өзі мұдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну қажет;
- қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;
- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеге және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
- қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеге және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

3. Ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу сатысында азаматтардың заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарын мұлтіксіз ескеру;
- әзірленетін ішкі нормативтік құжаттардың жобалары нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс;
- ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау барысында үймның және өзге де заңды тұлғалардың заңды мұдделерінің бұзылуына жол бермеу;
- ішкі нормативтік құжаттардың жобалары үйым құзыретінің шегінен шықпауға тиіс;
- басқа құрылымдық бөлімшелердің мұдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардың әзірленген жобалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өтуі тиіс;
- ішкі нормативтік құжаттарда сыйайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау;
- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мұдделері үшін нормалардың қабылдануына жол бермеу.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны онтайлы және тиімді жұмсау;
- Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- сатып алу процесінің ашықтығын және айқындығын қамтамасыз ету;
- сыйайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуга жол бермеу.

5. Үйым қызметі саласында туындастын өзге де өзара қарым-

қатынастар кезінде:

- сұрау салуларды қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қарау кезінде әуре-сарсанға салуға және дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактілеріне жол бермеу;
- жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбау;
- дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз міnez-құлық фактілеріне жол бермеу;
- туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендей белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
- нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;
- қызметкерлермен не тәуелділіктері адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;
- іскерлік этика кодексін сақтау;
- өздеріне мәлім болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы басшылыққа және (немесе) Құқық қорғау органдарының назарына дереу жеткізу;
- Қазақстан Республикасының Занында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік және т. б. көзделген теріс қылыштар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеу.;
- қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қызметкерлерді тартуға жол бермеу;
- азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға және олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға;
- басшылардың тапсырмаларын, лауазымды тұлғалардың лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтары мен өкімдерін орындау;
- қызметкерлердің жеке өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жария етпей.
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау.

Қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау тиісті дербес құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне жүктеледі.